

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«Қызықты қысқы ойындар»
(спорттық ойын)

Өткізген: Касымғалиева.М.О

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Қызықты қысқы ойындар»

(спорттық ойын)

Мақсаты: Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейтіп, қысқы ойындар мазмұнын меңгерту. Бала денесін ойын арқылы қозғалысқа келтіріп, таза ауада шынықтыру. балалармен бірге қысқы ойын сауық атауларын бекіту ; қимыл қозғалыс тарын дамыту, ойын - сауықтарға қатысуға деген ынталықласын, қызығушылығын ояту салауаттылыққа тәрбиелеу.

Эстафетаға қызығушылығын ойын арқылы қалыптастыру.

Іс-әрекет кезеңдері:

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Эстафетаның жүру барысы:

Жүргізуші: Балалар шеңбер бойында бір- бірімізге тілек айтайық

Тілек шеңбері

Балалар аланда дөңгеленіп шеңбер жасап тұрып, бір-бірінің алақандарын беттестіріп тілектер айтады.

1. Ауамыз таза болсын
2. Денсаулығымыз мықты болсын
3. Ойын қызықты болсын
4. Жарыс көңілді болсын
5. Жеңімпаздар көп болсын

Балалар музыка ырғағымен айналып жай жүріп, сонан соң жүгіріп келіп, аяқ-қол блшықеттеріне арналған сергіту жаттығуларын жасауды.

Қозғап барлық дененді

Қолды қатты соқ енді.

Тақылдатпай таяқты

Ақырын бас аяқты.Иықты артқа ысырып,

Басты төмен саламыз.

Жаттығу жасап осылай,

Біз шынығып аламыз.

Мотивациялық – қозғаушылық

Балалар ,маған қараңдаршы мынау не ?

-Шаңғы мен шана

Қыс мезгілінде қандай ойындар бар ?

Балалардың суретпен әңгіме құрауына көмек береді

Балалар тақпақ айтамыз ба?

1.Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезенді торлайды . (Аяз)

2.Аппақ - аппақ жапалақтап,

Қар жауады , тынбастан.

Қалың орман , маужыраған .

Түнгі аспан. (Қар)

-балалар бүгінгі көңіл – күйлерің осы қардай аппақ болсып .

Олай болса бәріміз қысқы ойындарды ойнап жарысайық қай топ жеңімпаз болады екен?

Эстафета түрінде өтетін болған соң, балаларды екі топқа бөлеміз.

Тұлпар тобының мүшелері: Мансур, Ержан, Әли, Софья, Әсем,

Али, Адай, Ислам

Сұңқар тобының мүшелері: Ғалым, Мирас, Абухан, Назмерей, Фариза,

Аяулым.

Қимылды ойын :

1.«Шаңғымен жарыс»

Шарты : Балаларға қолдарына сиқырлы таяқшаны алып аяқтарына шаңғы киіп екі топқа бөлініп ойнайды. Екі топта жеңімпаз болып ойынды аяқтайды. Балалар қызықты ойнайды.

2. «Шанамен жарыс» Екі топқа бөлініп шанамен жарысады. Ұлдар қыздарды шанаға отырғызып сүйрейді. Кім мәреге барып келсе кезекпен келесі балаға береді.

3.«Жолды қардан тазарту».

Мазмұны: Балалар қолдарына күрек алып екі жақтан қарсы жүріп, жолды қардан тазартады. Қай топтың балалары жолды ұзын етіп тазартса сол топ жеңеді.

4.«Кім жылдам» Үлкен қар кесегін тасу ойын шарты: алаңда жатқан қар кесегін күрекпен тасу барып келу, қай топ бірінші боп келсе сол топ жеңіске жетеді

Қорытынды Балалар біз не туралы сөйлестік? Қыс туралы не білдік? Қысқы ойындар туралы не білдік? Балалар сұрақтарға толық жауап берді. Жақсы ойнаған балаларды бағалау , мадақтау
Балалар өз алған әсерлерін әңгімелейді.

